

**«АЭЖБУ даму стратегиясын жүзеге асыру туралы»
мәселе бойынша
2018 жылғы 20.03. № 8 АЭЖБУ Ғылыми кеңесінің
ҚАУЛЫСЫ**

Ректордың баяндамасын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес 2025 жылға дейін АЭЖБУ даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша 2017 жылы атқарылған жұмыстардың оң нәтижелері мен университеттің сандық және сапалық көрсеткіштерінің оң динамикасын атап өтті.

2025 жылға дейін АЭЖБУ даму стратегиясын табысты іске асыру мақсатында Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

I. Университетті басқару, оның ішінде IT-технологияларды қолдану арқылы басқару, тиімділігін арттыру үшін:

1. Электрондық құжат айналымы енгізілсін.

**Жауаптылар - АТД директоры А.Т. Идрисов.
Мерзімі: 15.05.2018 ж. дейін.**

2. Студенттерге қызмет көрсету орталығы құрылсын.

**Жауаптылар - АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин,
АТД директоры А.Т. Идрисов.
Мерзімі: 15.09.2018ж. дейін.**

3. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған тьюторлық класс құрылсын.

**Жауаптылар - АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин.
Мерзімі: 25.05.2018 ж. дейін.**

4. Университеттің сайты жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілсін.

**Жауаптылар - МЭЖ жөніндегі директор А.С. Казыбаева,
АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин.
Мерзімі: 30.03.2018 ж. дейін.**

5. Электронды Қабылдау комиссиясы іске қосылсын.

**Жауаптылар - АТД директоры А. Т. Идрисов,
МЭЖ жөніндегі директор А.С. Казыбаева.
Мерзімі: 15.06.2018 ж. дейін.**

II. Ғылыми-педагогикалық кадрларды нығайту үшін:

1. ПОҚ аттестациясы және ПОҚ бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізілсін.

**Жауаптылар - АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин,
ӘД директоры А.А. Сергазина.
Мерзімі: 01.09.2018 ж. дейін.**

2. Штат кестесіне «профессор-зерттеуші», «тағылымгер-зерттеуші», «профессор ассистенті» лауазымдарын енгізу туралы мәселе қарастырылсын.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин,
ӘД директоры А.А. Сергазина.
Мерзімі: 01.09.2018 ж. дейін.**

3. Білім беру бағдарламаларының практикалық бағдарлануын қамтамасыз ету және олардың ғылыми компоненттерін арттыру үшін оқу үдерісіне қолданыстағы жобаларға белсенді түрде қатысып жүрген ғылыми қызметкерлер мен практик мамандар тартылсын. Университетке басқа ЖОО-дан келіп қосымша жұмыс істейтін оқытушыларды тарту шектетілсін. Практикалық және ғылыми қызметкерлерді тарту арқылы штаттық емес ПОҚ үлесі 15-18%-ға дейін жеткізілсін.

**Жауаптылар - АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин,
институт директорлары.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

4. Ғылыми дәрежесі бар штат қызметкерлері ғылыми-білім беру қызметке тартылсын және кафедра штаттарына енгізілсін.

**Жауаптылар - АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин,
ӘД директоры А.А. Сергазина,
институт директорлары.
Мерзімі: 15.09.2018 ж. дейін.**

III. Білім алушылардың контингентін және білім сапасын арттыру үшін:

1. Білім алушыларды магистратура мен докторантураға тарту бойынша жұмыс күшейтілсін.

**Жауаптылар - ҒЗТДО директоры М.Б. Алиярова,
институт директорлары.
Мерзімі: тұрақты.**

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу және білім алушылардың академиялық алмасу бағдарламаларына кеңінен қатысу үшін білім алушылар арасында TOEFL, IELTS сертификаттарын алу бойынша жұмыс күшейтілсін.

**Жауаптылар - ҒЗТДО директоры М.Б. Алиярова,
БАҚБИ директоры Г.Д. Манапова,
институт директорлары,
ХЫАҰД директоры А.С. Апенцова.
Мерзімі: тұрақты.**

3. Білім алушылар ғылыми жобаларға белсенді түрде тартылсын.

**Жауаптылар - ҒЗТДО директоры М.Б. Алиярова,
институт директорлары.
Мерзімі: тұрақты.**

4. Халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына қатысу жандандырылсын және олардың тиімділігі арттырылсын.

**Жауаптылар - Президент,
ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

5. Университет базасында ғылыми-әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыс жандандырылсын.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

6. Білім алушылардың арасында студенттің өзін-өзі басқаруға қатысу және білім алушылардың кем дегенде 30%-ын қамтитын шығармашылық бірлестіктер мен қызығушылықтар бойынша үйірмелер құру жұмыстары жандандырылсын.

**Жауаптылар - ӘТЖ жөніндегі директор З.А. Абдуллина.
Мерзімі: 30.11.2018 ж. дейін.**

7. Шетелдік студенттерді тарту бойынша жұмыс күшейтілсін және олардың үлес салмағы бакалавриаттың күндізгі бөліміндегі жалпы контингенттің 2%-на дейін жеткізілсін.

**Жауаптылар - МЭЖ жөніндегі директор А.С. Казыбаева,
институт директорлары, ХЫАҰД.
Мерзімі: 15.09.2018 ж.дейін.**

8. АЭЖБУ қызметін кеңінен түсіндіру және оны білім беру қызметтері нарығында белсенді түрде алға жылжыту үшін штатқа қоғаммен байланыс жөніндегі қызметкер лауазымы енгізілсін.

**Жауаптылар - МЭЖ жөніндегі директор А.С. Казыбаева.
Мерзімі: 15.05.2018 ж.дейін.**

IV. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру және ғылыми нәтижелерін алға жылжыту үшін:

1. 2018-2022 жылдары ғылыми-білім беру инновациялық кешенін құру бойынша іс-шаралар әзірленсін.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк.
Мерзімі: 01.09.2018 ж. дейін.**

2. Басым бағыттар бойынша алдыңғы қатарлы ғылыми-зерттеу орталықтарымен кем дегенде 6 жаңа байланыс орнатылсын.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
институт директорлары.
Мерзімі: 30.09.2018 ж. дейін.**

3. Жас ғалымдардың ғылыми нәтижелерге жетуіне барынша көмек көрсетілсін (кәсіби өсу кем дегенде 40%).

**Жауаптылар - ҒЗТДО директоры М.Б. Алиярова.
Мерзімі: 30.09.2018 ж. дейін.**

4. «АЭЖБУ хабаршысы» журналының редакциялық алқасының құрамын жаңарту бойынша нақты ұсыныстар енгізілсін.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк.
Мерзімі: 30.06.2018 ж. дейін.**

5. Университеттің ғылыми басылымы - «АЭЖБУ хабаршысын» Scopus базасына қосу бойынша жұмыстар күшейтілсін.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

V. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жүйесін дамыту үшін:

1. Бизнес-инкубатор құрылсын.

**Жауаптылар - коммерцияландыру офисі,
институт директорлары.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

2. Кем дегенде 2 сәтті стартап жобасы іске қосылсын.

**Жауаптылар - Коммерцияландыру офисі,
институт директорлары.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

3. Кемінде 6 біліктілік орталығы құрылсын.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

4. Авторлық құқықты мемлекеттік тіркеу туралы кем дегенде 10 сертификат алынсын.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
АҚ жөніндегі проректор С.В. Коньшин.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

5. Магистранттар мен докторанттардың ҚР кәсіпорындарымен кем дегенде 15 бірлескен жобаға қатысулары қамтамасыз етілсін.

**Жауаптылар - ҒИҚ жөніндегі проректор В.В. Стояк,
институт директорлары.
Мерзімі: 31.12.2018 ж. дейін.**

Төрайым

С. Сагинтаева

Ғылыми хатшы

М. Алиярова